

(11 қыркүйек 2019 ж. СД 35-19 директорлар Кеңесінің хаттамасымен бекітілген өзгерістермен)  
**«ЖАҚСЫЛЫҚ» ҚР АУМАҒЫНА КЕЛГЕН ТҰЛҒАЛАР АУЫРҒАН  
ЖАҒДАЙДА ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

## 1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

---

1.1. Осы «ЖАҚСЫЛЫҚ» ҚР аумағына келген тұлғалар ауырған жағдайда ерікті сақтандыру Ережелері (әрі қарай мәтін бойынша – Ережелер) негізінде «АСКО» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік Қоғамы (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтандырушы) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде уақытша болатын жеке тұлғалармен (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтанушылар) «ЖАҚСЫЛЫҚ» ҚР аумағына келген тұлғалар ауырған жағдайда ерікті сақтандыру шарттарын (әрі қарай мәтін бойынша – сақтандыру Шарты) құрады.

1.2. Осы Ережелерде келесі ұғымдар пайдаланылады:

**Сақтандырылушы** — сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын өз пайдасына құрса, онда ол Сақтандырылушы болып табылады.

**Пайда алушы** – сақтандыру Шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

**Үйлестіруші** – Сақтандырылушыларға сақтандыру бағдарламасында анықталған медициналық қызметтерді ұсынуды және алуды ұйымдастыратын маман.

**Медициналық қызметтер** — дәрігер-мамандардың тексеруі және кеңес беруі, диагноз қою үшін шұғыл көрсеткіштер бойынша зертханалық зерттеулер мен диагностика жүргізу.

**Медициналық шығындар** – сақтандыру бағдарламасы шеңберінде медициналық көмек нәтижесінде медициналық көрсеткіштерге сәйкес Сақтандырылушыға тағайындалған дәрі-дәрмектер мен көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығындар.

**Медициналық мекеме** – сақтандыру бағдарламасы шеңберінде Үйлестіруші анықтаған көлемде Сақтандырылушының денсаулығына диагностика жасау және/немесе қалпына келтіру жөніндегі қызметтерді көрсететін медициналық ұйым.

**Репатриация бойынша шығындар** – Сақтандырылушының денесін тірі кезінде азаматтығы болған елдегі жерленген жерге жақын халықаралық әуежайға жеткізуге байланысты шығындар.

**Шұғыл медициналық көрсеткіштер** – Сақтандырылушыға өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жарақаттар мен кенеттен сырқаттану кезінде қысқа мерзімде көрсетілуі тиіс көмек.

## 2 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

---

2.1. Сақтандырылушының кенеттен сырқаттану нәтижесінде медициналық көмек алу қажеттілігіне байланысты мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

## 3 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕГІ

---

3.1. Сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі кезеңінде кенеттен сырқаттануға байланысты Сақтандырылушының өтініші сақтандыру жағдайы болып табылады.

Кенеттен сырқаттану деп Сақтандырылушының денсаулығына одан әрі залал келтірмеу және оның өміріне қауіп төндірмеу мақсатында шұғыл медициналық араласуды талап ететін сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде туындаған денсаулығының жедел және кенеттен бұзылуы түсініледі.

## 4 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

---

4.1. Сақтандыру жағдайлары болып табылмайды:

4.1.1. сақтандыру мерзімі басталғанға дейін болған ауруларға байланысты, олар бойынша емдеу жүргізілгеніне немесе жүргізілмегеніне және осы емдеуге қатысты шығындарға қарамастан Сақтандырылушының денсаулығының нашарлауы немесе қайтыс болуы;

4.1.2. Сақтандырылушылардың өміріне тікелей қауіп төндіретін кенеттен өршуді қоспағанда созылмалы аурулар, олардың кез келген салдарлары мен асқынулары;

4.1.3. инфекциялық стационарға және/немесе изоляторға жатқызуды талап ететін жұқпалы және паразиттік аурулар, оның ішінде туберкулез, полиомиелит, нейроинфекция, атипиялық пневмония вирустары және процестің клиникалық түрі мен сатысына қарамастан олардың салдарлары;

4.1.4. венерологиялық аурулар және жыныстық жолмен берілетін аурулар (хламидиоз, трихомоноз, гарнереллез, микоплазмоз, анальды, генитальды герпес және т.б.);

4.1.5. алдын ала вакцинациялау арқылы алдын алуға болатын және/немесе Сақтандырылушының науқаспен байланыста болғаннан кейін профилактикалық карантиндік шараларды бұзуының салдары болып табылатын жұқпалы аурулар;

4.1.6. терең микоздар, псориаз;

4.1.7. дәнекер тіннің жүйелік аурулары (жүйелі қызыл жегі, ревматоидты артрит, дерматомиозит), жүйелік васкулиттер (түйінді периартрит, геморрагиялық васкулит), амилоидоз;

- 4.1.8. туа біткен ауытқулар мен даму ақаулары;
- 4.1.9. физикалық факторлар (діріл, ультрадыбыс, электромагниттік сәулелену, электрмен дәнекерлеу, гипертермия, лазерлік сәулелену, декомпрессия);
- 4.1.10. психикалық аурулар, эпилепсия (бастапқы және симптоматикалық) және олардың өршуі, сондай-ақ олармен байланысты жарақаттар, депрессиялар;
- 4.1.11. онкологиялық аурулар, алғаш диагностикаланғандарды қоспағанда, онкогематологиялық аурулар. Сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде Сақтандырушы тұлғада онкологиялық/онкогематологиялық ауруды бастапқы диагностикалау бойынша шығындар онкологиялық/онкогематологиялық аурудың белгілерін анықтауға мүмкіндік беретін жүргізілген диагностикалық зерттеулер бойынша шығындармен шектеледі;
- 4.1.12. жедел және созылмалы сәулелік зақымданулар;
- 4.1.13. аллергия және дерматит;
- 4.1.14. қант диабеті;
- 4.1.15. бүйректен тыс қанды тазартуды қажет ететін созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі;
- 4.1.16. бедеулікті, импотенцияны емдеу, контрацепция әдістерін таңдау, жасанды ұрықтандыру;
- 4.1.17. консервативті емдеуден басқа ЖЫЖ орнатуды қоса алғанда, хирургиялық араласуды қажет ететін жүрек, қан тамырлары, жүйке жүйесі аурулары;
- 4.1.18. пластикалық хирургия;
- 4.1.19. сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде болған сақтандыру жағдайынан кейін қалпына келтіруді және/немесе түзетуді қоспағандағы ортопедия;
- 4.1.20. алкогольмен және оның суррогаттарымен, есірткі құралдарымен жедел улану;
- 4.1.21. ат жарыстарға, автожарыстарға және жарыстарға, кәсіби немесе ұйымдасқан спортқа, дайвингке, арқан мен жолсеріктерді пайдалануды талап ететін альпинизмге, үңгірлерге түсуге, суға тексеруге, қысқы спорт түрлерімен, кез келген ұшу түрлерімен (дельтапланеризм, аэро-парапланеризм, парашюттік спорт және т.б.) айналысуға байланысты Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіру (денсаулығының нашарлауы);
- 4.1.22. өзіне және/немесе үшінші тұлғаларға алкогольдік ішімдіктерді қолданумен, есірткі құралдарын немесе өзге де заттарды рұқсатсыз қолданумен дене зақымдарын (жарақаттарын) қасақана келтірумен тікелей себеп-салдарлық байланыста болатын Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіру (денсаулығының нашарлауы) немесе қайтыс болу, сондай-ақ қажетті қорғанысты немесе аса қажеттілікті қоспағанда өзін негізсіз тәуекелге ұшырату;
- 4.1.23. тұмау ауруы;
- 4.1.24. соғыстың кез келген салдарымен (жарияланған немесе жарияланбаған), әскери іс-қимылдармен, маневрлермен немесе өзге де әскери іс-шаралармен, азаматтық соғыспен, кез келген түрдегі халықтық толқулармен немесе ереуілдермен байланысты Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіру (денсаулығының нашарлауы) немесе қайтыс болуы;
- 4.1.25. кез келген елдің қарулы күштері және құрылымдарындағы қызметтер;

4.1.26. ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсерінен;

4.1.27. күнге күйу, күнге күйуге байланысты аллергиялар мен дерматиттер.

4.2. Сақтандырушы сақтандыру шарттарында көзделмеген, сондай-ақ жазатайым оқиғаларға және/немесе денсаулығының зақымдалуына байланысты орын алған шығындарды өтемейді:

4.2.1. Сақтандырылушының алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйінде;

4.2.2. көлік құралын тиісті құқықсыз басқаруға, сондай-ақ оларға көлік құралын басқаруға тиісті құқығы жоқ тұлғаға беруге байланысты;

4.2.3. қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін Сақтандырылушының қасақана әрекеттеріне байланысты;

4.2.4. әскери іс-қимылдар, халықтық толқулар немесе Сақтандырылушының қоғамдық тәртіпсіздіктерге қатысуы нәтижесінде;

4.3. Сондай-ақ төмендегілерге байланысты шығындар:

4.3.1. косметологиялық емдеу және сырт келбеттің кемшіліктерін немесе дене ауытқуларын жоюға байланысты басқа да емдеу түрлері;

4.3.2. босану және түсік жасату;

4.3.3. тұқым қуалайтын ауруларды емдеу;

4.3.4. процесстің клиникалық нысаны мен сатысына қарамастан туберкулезді және саркоидозды емдеу;

4.3.5. мүшелер мен тіндерді трансплантациялау;

4.3.6. ЖИТС-ті қоса алғанда АИВ – инфекциясын емдеу;

4.3.7. ерлер мен әйелдердегі бедеулікті, контрацепцияны, жыныстық бұзылуларды емдеу.

4.4. Сақтандыру Шарты бір жасқа дейінгі және 70 жастан асқан тұлғаларға қатысты құрылмайды.

## 5 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

5.1. Сақтандыру сомасы ақшалай сома болып табылады, оның шегінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

5.2. Сақтандыру сомалары Тараптардың келісімімен белгіленеді және келесідей ең төменгі және ең жоғары шектері болады:

Медициналық қызметтердің атауы	Сипаты	Жауапкершілік лимиті (теңге)				
		100 000	150 000	200 000	250 000	350 000
СА ЛЛ- ОР ТА ЛЫ Қ	Жедел жәрдем шақыру.	Толық өтеу, бәрақ сақтандыру сомасынан артық емес				

	Жедел медициналық жәрдем келгенге дейін дәрігер – үйлестірушінің ұсыныстары.					
<b>ШҰҒЫЛ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ</b>	Мемлекеттік жедел жәрдем қызметі бригадасының шұғыл медициналық көмегі.  ЖМЖ бригадасының шығуы қалалардың және облыс орталықтарының әкімшілік шекаралары шектерінде жүзеге асырылады.	Толық өтеу, бәрақ сақтандыру сомасынан артық емес				
	Қажетті емдеу-диагностикалық шараларды жүргізу					
	Дәрілік препараттар мен медициналық аппаратураларды қабылдау.					
	Сақтандырылушыны мамандандырылған медициналық мекемеге жатқызу					
<b>ШҰҒЫЛ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША СТАЦИОНАРЛЫҚ ЕМДЕУ</b>	Стационарға жатқызу және одан әрі Сақтандырушының өкілі тарапынан емдеуді қадағалау. Шұғыл көрсеткіштер бойынша ауруханаға жатқызу, шұғыл ауру бойынша стационарларда медициналық көмек көрсету: - тар профильдегі дәрігер-мамандардың тексеруі, кеңестері; - палатада болу; медициналық персоналдың қызметтері; - кертартпа емдеу, жедел емдеуді (оталарды) жүргізу; - зертханалық-аспаптық зерттеу жүргізу; - физиологиялық емдеу және емдік дене шынықтыру; - емдеуге қажетті дәрі-дәрмектерді қабылдау. Емдеу курсы 10 күннен аспайды.	<b>30 000</b> теңгеге дейін	<b>40 000</b> теңгеге дейін	<b>50 000</b> теңгеге дейін	<b>60 000</b> теңгеге дейін	<b>70 000</b> теңгеге дейін
	сақтандырудың барлық кезеңінде	сақтандырудың барлық кезеңінде	сақтандырудың барлық кезеңінде	сақтандырудың барлық кезеңінде	сақтандырудың барлық кезеңінде	

<b>ҚАЙТА ОРАЛУ</b>	<p>Сақтандырылушының денесін тірі кезінде азаматтығы болған елдегі жерленген жерге жақын халықаралық әуежайға жеткізу, атап айтқанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- халықаралық тасымалдау талаптарына сәйкес табыт шығындары;</li> <li>- Сақтандырылушының сүйегін ұйымдастыруға, сақтауға және тасымалдауға байланысты шығындар.</li> </ul>	Көзделмеген	Толық өтеу, бәрақ сақтандыру сомасынан артық емес
--------------------	--	-------------	---

## 6 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Сақтандыру Шарты Сақтанушының осы сақтандыру Ережелеріне қосылуы арқылы жазбаша нысанда құрылады.
- 6.2. Сақтандыру Шарты Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде құрылады.  
Сақтанушының өтінішін алғаннан кейін Сақтандырушы тәуекел дәрежесін сипаттайтын құжаттарды талап етуі мүмкін.
- 6.3. Сақтанушының өтінішін және болжамды тәуекелді бағалауды алғаннан кейін Сақтандырушы сақтандыру сыйақысының есебін жүргізеді.
- 6.4. Сақтандыру Шартын рәсімдеу Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлегеннен кейін жүргізіледі.

## 7 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

- 7.1. Сақтандыру Шарты, егер Шартта өзгеше көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйақысын, ал оны бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады.
- 7.2. Сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі Тараптардың келісімімен анықталады және сақтандыру Шартында.
- 7.3. Егер шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Шарттың қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.
- 7.4. Сақтандыру Шартының қолданылу орны – Қазақстан Республикасы.

## 8 БӨЛІМ. САҚТАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 8.1. Сақтанушы құқылы:
- 8.1.1. Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын түсіндіруді талап етуге ;
- 8.1.2. сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;
- 8.1.3. сақтандыру шарттарына сәйкес медициналық қызметтер көлемін алуға;
- 8.1.4. сақтандыру Шарты талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

- 8.1.5. медициналық қызметтерді ұсынбаған немесе толық емес және сапасыз ұсынылған жағдайлар туралы Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлауға;
- 8.1.6. сақтандыру шарттарында көзделген тәртіппен сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 8.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне дау айтуға.
- 8.2. Сақтанушы міндетті:
- 8.2.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін бағалау үшін қажетті сенімді ақпаратты хабарлауға және ұсынуға;
- 8.2.2. сақтандыру Шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйақысын төлеуге;
- 8.2.3. сақтандыру Шарты жоғалған кезде бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша түрде телнұсқа алу үшін хабарлауға;
- 8.2.4. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандыру шарттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабарлауға;
- 8.2.5. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 8.2.6. сақтандыру жағдайынан шығындарды азайту шараларын қабылдауға;
- 8.2.7. тексеруші және емдеуші дәрігерлердің нұсқауларын орындауға;
- 8.2.8. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайына байланысты барлық мән-жайларды анықтау үшін қажетті сақтандыру жағдайына қатысы бар медициналық және басқа да құжаттарды қоса алғанда барлық ақпаратты беруге;
- 8.3. Сақтандыру Шартында Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін Сақтанушының басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

## 9 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

---

- 9.1. Сақтандырушы құқылы:
- 9.1.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) хабарлаған ақпаратты, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру Шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
- 9.1.2. сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені шешкен кезде қойылған диагноздың сәйкестігін және жүргізілген емнің дұрыстығын анықтау үшін медициналық мекемелерден алынған шоттар мен өзге де құжаттарды тәуелсіз сарапшының қарауына беруге;
- 9.1.3. сақтандыру талаптарында көзделген тәртіппен Сақтанушыны хабардар ете отырып, сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде медициналық қызметтердің құны өзгерген жағдайда сақтандыру сыйақысының мөлшерін өзгертуге;
- 9.1.4. сақтандыруға қабылданғанға дейін Сақтандырылушының денсаулық жағдайын растайтын кез келген қосымша тексерулер мен құжаттарды талап етуге;

9.1.5. алдын ала сауалнама және медициналық тексеру нәтижелерінің негізінде сақтандыру шартын құрудан бас тартуға;

9.1.6. сақтандыру жағдайы бойынша ұсынылған құжаттарға тексеріс жүргізуге, сақтандыру жағдайының мән-жайлары туралы ақпараты бар ұйымдардан мәліметтерді сұратуға, сондай-ақ сақтандырылушы тұлғаның қосымша медициналық куәландырылуын талап етуге;

9.1.7. сақтандыру талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;

9.1.8. егер Сақтанушы Сақтандырылушының денсаулық жағдайы және сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде Сақтандырушыға маңызды өзге де тәуекелдер туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталған жағдайда, сондай-ақ Шарттың талаптарында көзделген өзге де жағдайларда және тәртіппен сақтандыру Шартын бұзуға;

9.1.9. Сақтандырылушыға сақтандыру шарттарында көзделген шығындар лимиттерінен тыс көрсетілген медициналық қызметтердің құнын өтемеуге;

9.1.10. егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) емдеуші дәрігердің нұсқауларын орындамаса немесе емдеуші дәрігер белгілеген аурухана тәртібін бұзса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;

9.1.11. осы Шарттың талаптарында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға.

## **9.2. Сақтандырушы міндетті:**

9.2.2. Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыруға және оның талабы бойынша олардың көшірмесін ұсынуға (жіберуге);

9.2.3. сақтандыру жағдайы басталған кезде төлемді Тараптардың келісімімен белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асыруға;

9.2.4. Үйлестірушінің қызметтері арқылы Сақтандырылушыға медициналық қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге;

9.2.5. сақтандыру Шартының талаптарына сәйкес және таңдалған бағдарлама шеңберінде Сақтандырылушыға көрсетілетін медициналық көмектің көлемі мен сапасын бақылауға;

9.2.6. медициналық қызметтер бойынша шығындар Сақтандырылушыларға дербес төленген жағдайларда жазбаша өтініш түскен сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы Сақтанушыға хабарлауға;

9.2.7. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.

9.3. Сақтандыру Шартында Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

## **10 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) ӘРЕКЕТТЕРІ**

10.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап дереу, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей тікелей Үйлестірушіге оның басталғаны туралы хабарлауға міндетті.

10.2. Бұл ретте келесі ақпаратты хабарлауы тиіс:



- 10.2.2. Сақтандырылушының Т.А.Ә;
- 10.2.3. сақтандыру Шартының нөмірі;
- 10.2.4. болған сақтандыру жағдайының мән-жайларын және талап етілетін көмектің сипатын толығырақ сипаттау;
- 10.2.5. Сақтандырылушының орналасқан жері және кері байланыс үшін байланыс телефонының нөмірі.
- 10.3. Үйлестірушіге (аумақтық алшақтыққа) жүгіну мүмкіндігі болмаған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы) шығындарды және одан әрі әрекеттерді келісу үшін Сақтандырушымен байланысуға тиіс.
- 10.4. Сақтанушы (Сақтандырылушы) тексеруді немесе емдеуді жүргізетін дәрігерді Сақтандырушының алдында кәсіби дәрігерлік құпияны сақтау міндетінен босатады.
- 10.5. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалдарын дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жүктеледі.

## 11 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕГІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

---

- 11.1. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде орын алған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы сақтандыру шарттарында анықталған сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.
- 11.2. Сақтандырылушыға Медициналық мекеме арқылы ұйымдастырылған медициналық қызметтер бойынша шығындар тікелей Медициналық мекемеге өтеледі.
- 11.3. Сақтандыру шарттарынан асатын және/немесе көзделмеген медициналық қызметтер бойынша шығындарды Сақтандырылушы дербес төлейді.
- 11.4. Сақтандыру төлемін Медициналық мекеменің пайдасына жүзеге асыру үшін Үйлестіруші Сақтандырушыға қызмет көрсету Шартының талаптарында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады, оның ішінде:
- 1) сақтандыру Шартының көшірмесі (оның телнұсқасы);
  - 2) медициналық көмекке жүгінген сәттегі Сақтандырылушының диагнозы, денсаулық жағдайы туралы және жүргізілген медициналық манипуляциялар туралы мәліметтерді қамтитын медициналық құжаттар (түпнұсқалары);
  - 3) дәрігерлердің, медициналық мекемелердің шоттарының түпнұсқалары, Сақтандырылушының атына жазылған дәрі-дәрмектерге (рецепттердің болуы міндетті) ақы төлегені үшін түбіртіктер;
  - 4) амбулаториялық карта (Сақтандырушының талабы бойынша);
  - 5) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 6) сақтандыру төлемін аудару үшін қажетті құжаттар.

Қажет болған жағдайда төлем туралы мәселені шешу үшін Сақтандырушы оның мөлшеріне әсер ететін қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

11.5. Сақтандыру төлемінің мөлшері құжаттармен және шоттардың түпнұсқаларымен расталған Сақтандырушының нақты алған медициналық қызметтері негізінде анықталады.

11.6. Сақтанушының Үйлестірушіге (аумақтық қашықтыққа) жүгіну мүмкіндігі болмаған кезде Сақтандырылушының сақтандыру жағдайына байланысты шеккен шығындарын өтеуді Сақтандырушы 11.4-т.т. көрсетілген құжаттарды ұсынған сәттен бастап және осы шығындарды Сақтандырушымен келіскен жағдайда демалыс пен мереке күндерін есептемегенде 10-күндік мерзімде жүргізеді.

1.7. Сақтандырушы ұсынылған құжаттарға тексеріс жүргізуге, сақтандыру жағдайының мән-жайлары туралы ақпараты бар ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ Сақтандырушының сенімді дәрігері сақтандырылушы тұлғаны медициналық куәландыруға құқылы. Қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда сақтандыру төлемі туралы шешімді қабылдау мерзімі 45 жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

11.8. Сақтандыру жағдайымен тікелей себептік байланыстағы қылмыстық іс қозғалған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін құқық қорғау органдарының қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылдаған күнге дейін немесе сот шешімінің заңды күшіне енген күнге дейін кейінге қалдыруға құқылы.

11.9. Өтелуге жатпайды:

- Сақтандырылушының медициналық мекемелерге, тұрғылықты жеріне жол жүруіне және/немесе тасымалдауына байланысты шығындар, сондай-ақ шұғыл көрсеткіштер бойынша Сақтандырылушыны ауруханаға жатқызуға байланысты жағдайлардан басқа медициналық емес сипаттағы кез келген шығындар;
- «бейдәстүрлі» әдістердің (дәстүрлі медицина әдістерінің) барлық түрлерімен емдеуге байланысты шығындар;
- емдік массаж және қолмен емдеу, кез келген профилактикалық тексерулер, жалпы медициналық тексерулер, екпелер;
- гепатиттің барлық түрлерімен ауруға немесе аурудың салдарына (асқынуларына) байланысты шығындар;
- Сақтандырылушыны емдеуге және/немесе оған күтім жасауға байланысты, олардың дипломы бар медицина қызметкерлері болып табылатынына қарамастан, туыстары жүзеге асыратын шығындар;
- тиісті лицензиясы жоқ не егер медициналық көмек көрсету сәтінде лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрса, медициналық мекеменің (дәрігердің) қызмет көрсетуіне байланысты шығындар;
- сақтандыру мерзімі басталғанға дейін және ол өткеннен кейін шеккен шығындары;
- Сақтанушының/Сақтандырылушының өрескел абайсыздығы салдарынан басталған сақтандыру жағдайы бойынша шығындар.

11.10. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық не жартылай бас тартуға құқылы, егер Сақтанушы (Сақтандырылушы):

- 1) сақтандыру Шартын құру кезіне Сақтандырылушының денсаулығы туралы алдын ала бұрмаланған мәліметтерді хабарласа;
- 2) Үйлестірушіге сақтандыру шарттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру жағдайы туралы хабарламаса не уақтылы хабарламаса;
- 3) шартта белгіленген мерзімде не хабарлама жібергеннен кейін жағдайдың себептерін, сипатын және оның туындаған нәтижемен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаса немесе көрінеу жалған дәлелдемелерді ұсынса;
- 4) зиян келтіргені үшін кінәлі тұлғадан тиісті өтемақы алса;
- 5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуге және оның денсаулығына келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға кедергі келтірсе;
- 6) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сот қасақана қылмыстың белгілерін анықтаған сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған әрекеттерді жасаса;
- 7) Сақтандырылушы Үйлестірушіге ұсынылмаған медициналық мекемелердің қызметтерін пайдаланса;
- 8) Сақтандырылушы емдеуші дәрігердің кеңесін орындамаса немесе емдеуші дәрігер анықтаған аурухананың тәртібін бұзса;
- 9) сақтандыру жағдайынан шығындарды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамаса.

11.11. Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы Бөлімде көзделген құжаттарды ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабарлайды.

11.12. Өтелуге жатпайды:

- 1) Сақтандырылушының медициналық мекемелерге, тұрғылықты жеріне жол жүруіне және/немесе тасымалдауына байланысты шығындар, сондай-ақ шұғыл көрсеткіштер бойынша Сақтандырылушыны ауруханаға жатқызуға байланысты жағдайлардан басқа медициналық емес сипаттағы кез келген шығындар;
- 2) «бейдәстүрлі» әдістердің (дәстүрлі медицина әдістерінің) барлық түрлерімен емдеуге байланысты шығындар;
- 3) емдік массаж және қолмен емдеу, кез келген профилактикалық тексерулер, жалпы медициналық тексерулер, екпелер;
- 4) гепатиттің барлық түрлерімен ауруға немесе аурудың салдарына (асқынуларына) байланысты шығындар;
- 5) Сақтандырылушыны емдеуге және/немесе оған күтім жасауға байланысты, олардың дипломы бар медицина қызметкерлері болып табылатынына қарамастан, туыстары жүзеге асыратын шығындар;
- 6) тиісті лицензиясы жоқ не егер медициналық көмек көрсету сәтінде лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрса, медициналық мекеменің (дәрігердің) қызмет көрсетуіне байланысты шығындар;
- 7) сақтандыру мерзімі басталғанға дейін және ол өткеннен кейін шеккен шығындары;
- 8) Сақтанушының/Сақтандырылушының өрескел абайсыздығы салдарынан басталған сақтандыру жағдайы бойынша шығындар.

11.13. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық не жартылай бас тартуға құқылы, егер Сақтанушы (Сақтандырылушы):

- 1) сақтандыру Шартын құру кезіне Сақтандырылушының денсаулығы туралы алдын ала бұрмаланған мәліметтерді хабарласа;
- 2) Үйлестірушіге сақтандыру шарттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру жағдайы туралы хабарламаса не уақтылы хабарламаса;
- 3) шартта белгіленген мерзімде не хабарлама жібергеннен кейін жағдайдың себептерін, сипатын және оның туындаған нәтижемен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаса немесе көрінеу жалған дәлелдемелерді ұсынса;
- 4) зиян келтіргені үшін кінәлі тұлғадан тиісті өтемақы алса;
- 5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуге және оның денсаулығына келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға кедергі келтірсе;
- 6) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сот қасақана қылмыстың белгілерін анықтаған сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған әрекеттерді жасаса;
- 7) Сақтандырылушы Үйлестірушіге ұсынылмаған медициналық мекемелердің қызметтерін пайдаланса;
- 8) Сақтандырылушы емдеуші дәрігердің кеңесін орындамаса немесе емдеуші дәрігер анықтаған аурухананың тәртібін бұзса;
- 9) сақтандыру жағдайынан шығындарды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамаса

11.14. Сақтандырушыны осы бапта көзделген заңсыз әрекеттерінің себептері бойынша Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату бір уақытта Сақтандырушыны Сақтандырылушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады.

## 12 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

---

12.1. Сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі тараптардың келісімімен анықталады.

12.2. Сақтандыру Шартының қолданылуы төмендегі жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Шарттың қолданылу мерзімінің өтуі;
- 2) Шартты мерзімінен бұрын бұзу;
- 3) Сақтандырушының Шарт бойынша толық көлемде (сақтандыру сомасы мөлшерінде) міндеттемелерді орындауы;
- 4) Сақтанушы сақтандыру Шартын құру кезінде көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаған кезде;
- 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

12.3. Шарттың қолданылу мерзімі басталғанға дейін бас тартқан кезде Сақтандырушы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйақысының 70 (жетпіс)% мөлшерінде төленген сақтандыру сыйақысын қайтарады.

12.4. Сақтанушы қолданылу мерзімі басталғаннан кейін Шарттан бас тартқан жағдайда төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылмайды.

### 13 БӨЛІМ. ҚОСЫМША ШАРТТАР

---

13.1. Сақтанушы, Сақтандырылушы және Пайда алушы Сақтандырушыға ұсынылған құжаттардың дұрыстығына және шарт талаптарының сақталуына жауапты болады.

13.2. Шартқа қатысты кез келген хабарламалар, келісімдер, өтініштер, хабарламалар, түсініктемелер, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда рәсімделуі тиіс.

13.3. Кез келген хабарлама оның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуі тиіс.

13.4. Сақтандыру Шарты талаптарының өзгеруі Сақтанушы мен Сақтандырушының екіжақты келісімі бойынша Тараптардың бірінің өтініші негізінде екінші Тараптың өтінішін алған күннен бастап бес банктік күн ішінде жүргізіледі не ерекше шарттармен ескертіледі.

13.5. Егер қандай да бір Тарап сақтандыру Шартына өзгерістер енгізуге келіспесе, оның бұрынғы шарттарда қолданылуы туралы немесе оның қолданылуын тоқтату туралы мәселе бес күндік мерзімде шешіледі.

13.6. Сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде телнұсқа береді.

13.7. Сақтандырушының істі жүргізуге жұмсаған шығындарын сақтандыру Шартының телнұсқасын рәсімдеу кезінде ол жоғалған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы) өтініш берген күнге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,1 мөлшерінде өтейді.

13.8. Сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы осы Ережелердің жеке қағидаларын қолданбау туралы және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес сақтандыру шарттарын толықтыру туралы келісе алады.

### 14 БӨЛІМ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

---

14.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге келмеген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.